Жамбыл облысы
бойынша Ішкі мемлекеттік
аудит департаментінің
басшылығына

Арыз-шағым

Жамбыл облысы әкімдігінің "Дін проблемаларын зерттеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі №2288927-1 конкурстың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасында «**Қазақстан жастарының Парламенті» қоғамдық қорының** ұсынған жобасына **Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына жобаның сәйкес келмеуі** деген дәлелсіз шешіммен конкурс жеңімпаз атануына кедергі келтірген.

Конкурстық коммиссия мүшелері біз ұсынған Техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы ретінде 8 балл берген.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №739 бұйрығына сәйкес, 8 баллға ие техникалық ерекшелік әрі-қарай конкурс қатысушысы болып танылуы тиіс.

Біз үсынған техникалық ерекшелік толығымен тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіне толығымен сәйкес келеді. Сонымен қатар, біз ұсынған техникалық ерекшелікте жобаның тиімділігін арттыруға бағытталған қосымша іс-шаралар қарастырылған.

Егер де біз ұсынған техникалық ерекшелік тапсырыс берушінің талаптарына сай болмаса, біздің жоба неге 8 балл алады?

Қазіргі уақытта, тапсырыс берушілер тарапынан біз ұсынған сияқты, 8 балл алған мықты жобаларды **әділетсіз**, осындай әдіспен конкурсқа қатысуға жібермеу фактілері көп орын алуда.

Біз ұсынған техникалық ерекшелік Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №739 бұйрығына сәйкес ұсынылған.

Осы келеңсіз жайттарды ескере отырып, конкурстық комиссияның қорытынды хаттамасын қайта қарап, қолданыстағы заң аясында, біз ұсынған өтінімді қабылдануына ықпал етуіңізді сұраймын.

Президент **Т.Шайдуллин**